

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақпарат және сынақ орталығы" мемлекеттік мекемесін және "Еуразия мемлекеттік қызметшілерді оқыту орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1305 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақпарат және сынақ орталығы" мемлекеттік мекемесі және "Еуразия мемлекеттік қызметшілерді оқыту орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Мемлекеттік қызметтің персоналын басқару ұлттық орталығы" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - қоғам) қосылу және қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні болып мыналар айқындалсын:

- 1) мемлекеттік қызметтің анағұрлым талантты және тәжірибелі кадрларын даярлаудың, олардың рекрутингі мен кәсіби өсуінің жаңа жүйесін енгізу;
- 2) мемлекеттік және өзге де ұйымдар персоналының жағдайын зерделеу;
- 3) консалтингтік қызметтер көрсету;
- 4) мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру және оларды оқыту;
- 5) бағдарламалық қамтамасыз етуді және web-порталдарды әзірлеу;
- 6) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің теңгеріміндегі ғимараттарды пайдалану және оларға қызмет көрсету;
- 7) «е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі — «е-қызмет») үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- 8) «е-қызмет» мәселелері бойынша мемлекеттік органдарға консультациялық және практикалық көмек көрсетеді;
- 9) «А» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің қызметін бағалауды іске асыру жөніндегі іс-шараларға техникалық қолдау жүргізеді;
- 10) мемлекеттік органдардың мемлекеттік персоналын басқару жөніндегі қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізу үшін техникалық қолдауды қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүргізеді;
- 11) мемлекеттік органдарға персоналды іріктеуді қолдауға арналған техникалық құралдарды әзірлейді;
- 12) мемлекеттік органдар өткізетін тестілеудің техникалық рәсімдерін жүзеге

а с ы р а д ы .

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.05.2014 № 601 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне беруді;

2) қоғамның жарғысын бекітуді және оның әділет органдарында мемлекеттік т і р к е л у і н ;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

3 1

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№

1 3 0 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-114-жолмен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"21-114. "Мемлекеттік қызметтің персоналын басқару ұлттық орталығы" АҚ".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 656 қаулысында :

көрсетілген қаулыға қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 306-жолмен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

306. "Мемлекеттік қызметтің персоналын басқару ұлттық орталығы" АҚ".

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК